

**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**SERIES CHEMISTRY AND TECHNOLOGY**

ISSN 2224-5286

Volume 4, Number 424 (2017), 96 – 102

UDC 658.6: 658,567

**N.A. Akhtanov<sup>1</sup>, Ye. Tileuberdi<sup>1,2</sup>, Ye. Khanzharkhan<sup>2</sup>, Ye.K. Ongarbayev<sup>1,2</sup>**

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan;

<sup>2</sup>Institute of combustion problems, Almaty, Kazakhstan

[erbol.tileuberdi@kaznu.kz](mailto:erbol.tileuberdi@kaznu.kz)

## **THE EXTRACTION OF OIL FROM OIL CONTAMINATED SOILS USING THE THERMAL METHOD**

**Abstracts.** In the article, consideration of oil separating from oil spilled soil by thermal treatment and study of physical and chemical properties of their liquid product are considered. To achieve this goal, in this work the research object were oil shale of the Kendyrlik field. 5 different soil sample of contaminated with Karazhanbas crude oil in Mangistau region. These used samples are specially prepared in advance in share of oil in the soil pollutants in the amount of 10%, 15%, 20%, 25% and 30%. Thermal processing of oil-contaminated soil are carried out from room temperature to 400 °C by the permanent heating. The heating rate of oil-contaminated soils was from 6 to 16.7 °C per minute. The thermal treatment process of oil-contaminated soil prolonged around 50 minute. On the utilization of oil spilled soil, according to the increase the percentage of oil contaminated soil sample the quantities of the liquid product were up load. At the first example of a liquid product made up 9.02 %, whereas in the 2nd form it reached to 13.21%. 3rd sample shows 15.76% of indicator, the 4th model increased until 18.44%. as well as, the last 5th sample of liquid product increased in the amount of 25.25%. Also, in this work the fractional composition and bulk composition of liquid products from the oil-contaminated soil were studied, and given the consequences of their results.

**Keywords:** Oil, contaminated soil, cleaning, faction, polluting oil.

УДК 658.6:658.567

**Н.А. Ақтанов<sup>1</sup>, Е. Тілеуберді<sup>1,2</sup>, Е. Қанжарқан<sup>2</sup>, Е.Қ. Оңғарбаев<sup>1,2</sup>**

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан;

<sup>2</sup>Жану Мәселелері Институты, Алматы, Қазақстан

## **ТОПЫРАҚҚА ТӨГІЛГЕН МҰНАЙДЫ ТЕРМИЯЛЫҚ ЖОЛМЕН БӨЛІП АЛУ**

**Түйіндеме.** Бұл ғылыми макалада топыракқа төгілген мұнайды термиялық өндесу әдісімен қайта бөліп алу жолдары қарастырылып, алынған сұйық өнімнің физика-химиялық қасиеттерін зерттеу жұмыстары келтірілген. Алға қойылған мақсатты орындау үшін, бұл жұмыста зерттеу обектісі ретінде 5 түрлі үлгідегі Маңғыстау облысындағы Қаражанбас кен орнының мұнайдымен ластанған топырак қарастырылды. Осы пайдаланылған үлгілердегі ластаушы мұнайдың топырактағы үлесі 10%, 15%, 20%, 25% және 30% пайыздық мөлшерде алдын-ала арнайы дайындалған. Мұнайдымен ластанған топыракты тазарту мақсатында термиялық өндесу бөлме температурасынан 400 °C-ге дейін бірқалыпты қыздыру жағдайында жүзеге асты. Топыракқа төгілген мұнайды қыздыру жылдамдығы минуттынан 6-дан 16.7°C-ге болды. Зерттеу нысанын термиялық өндесу процестің орташа ұзактығы 50 минутты құрады. Топыракқа төгілген мұнайды залалсыздандырудан алғынған сұйық өнімнің өсуі байқалады. Бірінші үлгіде сұйық өнім 9.02%-ды құраса, 2-ші үлгіде ол 13.21%-ке жеткен. 3-ші үлгіде 15.76%-ды көрсетіп, 4-ші үлгіде 18.44%-ға өскең. Ал, соңғы 5-ші үлгіде алғынған

сүйық өнімнің үлесі 25.25%-ға артқан. Соңдай-ақ, бұл жұмыста осы алынған сүйық өнімдердің фракциялық құрамы және топтық құрамы зерттеліп, нетижелері көлтірілген.

**Кілт сөздер:** Мұнай, ластанған топырақ, тазарту, фракция, ластаушы мұнай.

## Кіріспе

Қазақстан дүние жүзі бойынша мұнай державасы болып саналатын елдердің қатарында. Мұнай қоры бойынша дүние жүзінде 13-ші орынды иеленсе, ал мұнай шикізатын өндіру көлемі бойынша 18-ші орынды алады. Европа және Азия елдері ішінде Қазақстан Ресей, Ұлыбритания, Норвегиядан кейінгі төртінші орында тұр. Территориямызында 1 миллион 700 мың шаршы шақырымын мұнай және газ қоры алғып жатыр. Қазіргі таңда 208-ден астам мұнай газ кен орындары ашылған. Басым көпшілігі Батыс Қазақстан облысы аумағында шоғырланған [1-7].

Мұнай және мұнай өнімдерін өндіру, өңдеу және тасымалдау жердің топырақ қабатының құнарлығына кері әсерін тигізеді. Құнарлы топырақ мол өнім екені белгілі. Сонымен бірге біздің планетамызда топырақ маңызды басқа да роль атқарады. Жердің топырақ жамылғысында және оның гумустық қабатында тірі организмдердің және олардың биогенді энергиясының негізгі бөлігі орналасқан. Осыдан «топырақ- организмдер» экологиялық жүйесі биосфераның қалыптасуының, тұрақтылығының және өнімділігінің бас механизмінің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының энергетикалық жоспары алдағы ұзак уақытта «қара алтынды» өндіру көлемін жоғарылатуды көздейтін белгілі. Бұл мұнай құбырларының кеңеюі мен мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау мөлшерінің көбеюіне әкеледі. Соңықтан, жаңа апattар мен мұнай және мұнай өнімдерінің төгілу қауіптілігін жоққа шығаруға болмайды. Топырақ қабаты болып жатқан процестер мен өзгерістер туралы ақпаратты жинап, қоршаған ортаның өзіндік индикаторы болып табылады. Топырақтың антропогендік деградациялануы негізінен мұнай өнімдерімен ластануымен байланысты. Мұнай және мұнай өнімдері биосфераны ластайтын заттар ішіндегі негізгілерінің бірі болып табылады. Мұнай және мұнай өнімдерімен ластану жаңа экологиялық жағдай тудырады, табиги биоценоздың терен өзгерісіне және толық трансформациясына әкеледі. Ластанған топырақ жалпы ерекшелігі: топырақ мезо және микрофаунасының түрлік және сандық шектелуі. Топырақтың мезофаунаның жаппай жойылуы: апattан соң үш күн аралығында топырақ жануарларының көп түрлері өліп, немесе ластанбаған топырақпен салыстырғанда 1% ғана құрайды. Оларға ең улы әсерді мұнайдың женіл фракциясы тигізеді [8-12].

Топырақ қабатының ластануы оның тұрақты функцияларын бұзады: физико-химиялық қасиетін өзгертерді, биохимиялық процестердің сипаттамасын, микробиотаның белсенділігін төмендетеді. Осыған байланысты топырақтың мұнай және мұнай өнімдерімен ластану өзекті проблемасы қарастырылып, топырақ қабатының жағдайына экологиялық баға беріліп, оны шешу жолы көлтіріледі [13-18].

Мұнай және мұнай өнімдерімен ластанған топырақтың өзіндік тазару және қайта қалпына келу процестері өте ұзак, көптеген ғалымдардың айтуы бойынша шамамен 20-25 жыл уақыт аралығында жүзеге асады екен. Мұнай өнімдерін топырақтан тазартудың әлемдік тәжірибеде қолданылатын әдістері экстракция, физикалық адсорбция, пиролиз, өртеу және т.б. әдістер экономикалық және экологиялық жағынан тиімсіз болып келеді.

Мұнай – 3000 ингредиенттен тұратын соның ішінде көпшілігі оңай тотығатын заттардың күрделі кешені. Өсімдіктермен тірі организмдерге мұнай және мұнай өнімдерінің улы әсері өте көп. Мұнай ластануларынан тазарту бағдарламасы екі кезеңнен тұрады: I-шісі – қысқа мерзімді, мұнай дақтарын алып тастау, II-шісі – ұзак мерзімді, сулар және топырақтың толық қалпына келтірілуі. Кір басқан топырақтардың тазартуының әдістерін таңдау сипаты және ластану дәрежесі қойылған нормативтардан тәуелді болатынын атап өтеді. Тазарту стандартының екі жолы бар: тазартуды кез- келген жағдайда қолданылатын әдістермен өндіріп алады және тазартудың шекті нетижесі бойынша жүзеге асыру нақты қолдану үшін жарамды. Кір басқан орындардың тазарту жүйелерін келесідегідей қарап шыққан ол – кір басқан жерді іріктеу және алып тастау, кір басқан жерді капсуладан шығару және тасалау, өңдеуден кейін ұстап қалу, ластанған топырақты алып тастау және оны қолдану [19-21].

### Эксперименттік бөлім


Бұл жұмыста Қаражанбас кенорнының мұнайымен ластанған топырақты (1-сурет) тазарту мақсатында оны термиялық жолмен өндеп, сұйық өнім алу жұмыстары жүргізілді.



1-Сурет – Қаражанбас мұнайымен ластанған топырақ

Термиялық әдіспен мұнаймен ластанған топырақты тазарту мақсатында бөліп алатын лабораториялық қондырығының сипаттамасы және эксперимент жүргізу әдістемесі келтірілген.

Мұнаймен ластанған топырақты тазарту мақсатында термиялық әдіспен өндеу периодты түрде жұмыс істейтін қондырығы даорындалды, оның сыйбанұсқасы 2 суретте келтірілген. Қондырығы ұзындығы 20 см және ішкі диаметрі 8 см болатын цилиндрлік реактордан (1) тұрады. Шикізатты пропан немесе азот газымен ұрлеу қажет болатын болса, реактордың астынғы бөлігінде барботажды газды жіберуге арналған шүмек (2) орналасқан. Реакторға газ бөгет диафрагмадан (3) шикізат (4) арқылы төменинен жоғары қарай беріледі. Реактордың жоғары бөлігінде бөлінген газ және өнімді бөліп алуға арналған тұтікше (5) орналасқан. Ол тұтікше тоңазытқышпен (6) қосылған. Реактор арнайы электр пеші (7) арқылы қыздырылады. Қыздыру дәрежесінің мәнін пештің кедергісін термореттеуші (8) көмегімен реттеп отырады. Конденсацияланған сұйық өнімдер тоңазытқыш арқылы жинаушы ыдысқа (9) агады.



1 – цилиндрлік реактор, 2 – шүмек, 3 – бөгет диафрагма, 4 – шикізат, 5 – газ және өнім шығарылатын тұтікше, 6 – тоңазытқыш, 7 – электрлік пеші, 8 – термореттеуші, 9 – өнім жинақталатын ыдыс.

2-Сурет – Мұнаймен ластанған топырақты тазарту мақсатында термиялық өндеуге арналған қондырығының сыйбанұсқасы

Белгілі бір массасы өлшеніп алынған ластанған топырақ реакторға жүктеліп, пешті қыздыру процесі басталады. Процесс барысында ластанған топырақтың және өнімнің температурасы мен бөлінген сұйық өнімдердің мөлшерлері өлшениліп отырылды. Процесс реактордағы қалған шикізаттардың температурасы шекті мәнге жеткенде қыздыруды тоқтатумен аяқталады.

Мұнаймен ластанған топырақты тазарту мақсатында термиялық өндөу бөлме температура-сынан 400 °C-ге дейін бірқалыпты қыздыру жағдайында жүзеге асты. Қыздыру жылдамдығы минутына 6-дан 16.7 °C-ге болды. Процестің орташа ұзақтығы 50 мин.

### Нәтижелер мен оларды талдау

Зерттеу обектісі ретінде 5 түрлі үлгідегі мұнаймен ластанған топырақ қарастырылды. Айталақ, ластаушы мұнайдың топырақтағы үлесі 10%, 15%, 20%, 25% және 30% пайыздық мөлшерде зерттелді. Ол нәтижелер 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте – Әртүрлі үлгідегі мұнаймен ластанған топырақтан алынған газ, сұйық өнім, катты қалдықтың мөлшері

Үлгілер мен өнімдер	газ	сұйық өнім	катты қалдық
№ 1 үлгі	16,53г	36,14г	348,23г
	4,12%	9,02%	86,86%
№ 2 үлгі	15,43г	50,95г	319,35 г
	4,4%	13,21%	82,39%
№ 3 үлгі	15,85г	51,36г	258,16г
	4,87%	15,76%	79,37%
№ 4 үлгі	17,49г	61,08г	252,65г
	5,28%	18,44%	76,28%
№ 5 үлгі	17,99г	82,02г	100,01 г
	5,54%	25,25%	71,21%

1-кестеге негізделгенде, үлгі құрамындағы ластаушы мұнайдың топырақтағы үлесі артқан сайын пайыздық мөлшердегі алынған сұйық өнімнің есіүі байқалады. Бірінші үлгіде сұйық өнім 9,02%, 2-ші үлгі 13,21%, 3-ші үлгіде 15,76%, 4-ші үлгіде 18,44%, 5-ші үлгіде 25,25%. Бұл мұнай өнімдерінің пайыздық мөлшері жоғарлаған сайын массасық мөлшері жоғарғы көрсеткішке ие болғандығын көрсетеді. Бөлінген газ мөлшері 1-ші үлгіде 4,12%, 2-ші үлгі 4,4%, 3-ші үлгіде 4,87%, 4-ші үлгіде 5,28%, 5-ші үлгіде 5,54%. Яғни, бұл жерде де газды өнімдер үлгі құрамындағы ластаушы мұнайдың топырақтағы үлесінің артуына байланысты өскен.

Тәжірибе нәтижелеріне сайн неғұрлым топыраққа тәгілген мұнай көп болса, соғұрлым көп мөлшерде сұйық өнім алынғанын көреміз. Санды мәліметтер бойынша, сұйық өнім мен газдың мөлшері бастапқыда топырақты ластаушы мұнайдың мөлшерінен көп екені байқалады (мысалы, 4,12%+9,02%>10%). Оның себебі, топырақтың құрамында өте аздаған мөлшерде органикалық қоспалар мен су термиялық өндөу барысында алынған көмірсутек өнімдерінің құрамына қосылып кеткен. Сұйық өнімнің құрамында да судың аздаған мөлшері бар.

2-кесте – Әртүрлі үлгідегі мұнаймен ластанған топырақтан алынған біріншілік фракция

Үлгілер	1 үлгі	2 үлгі	3 үлгі	4 үлгі	5 үлгі
Массасы, м	11,61	16,45	18,65	22,73	32,01
Пайыздық үлесі, %	32,13	33,6	36,31	37,22	39,02


2-кестеде көрсетілгендей мұнаймен ластанған топырақтан алынған біріншілік фракция бірқалыпты пайыздық мөлшерде екені байқалады. Себебі барлығы бізде Қаражанбас кенорынының мұнайы, массасы әр түрлі бөлінгенмен пайыздық үлесі ұқсас болып келеді.

Тәжірибе барысында Қаражанбас кен орнының мұнайы мен Қаражанбас кен орнының мұнайымен ластанған топырақтан алынған асфальтеннің, шайыр мен майдың пайыздық үлесі 3-кесте және 3-суретте (диаграмма) көрсетілген.

Кесте 3 – Асфальтеннің, майдың және шайырдың пайыздық үлесі

Қаражанбас кен орны	Асфальтен, %	Май, %	Шайыр, %
Мұнай	5,94	68,85	21,32
Мұнаймен ластанған топырақ	0	87,92	10,29

Мұнайдың құрамында бастапқы көмірсүтек мақрокомпоненттерімен қатар, «шайырлы-асфальтенді заттар» деп аталатын жоғарымолекулалы гетероатомды топтар кездеседі. Мұндай қосылыстар мұнайдың құрамында кең көлемде болады: 1-2 % - дан 40 % - ға дейін кездеседі. Шайырлы-асфальтенді заттардың мөлшеріне қарай, ауыр мұнайды ұш негізгі топқа бөлуге болады: аз шайырлы мұнай – 5 % дейін; шайырлы – 5-15 % және жоғары шайырлы – 15 % - дан жоғары.



3-Сурет – Қаражанбас кенорынынан алынған асфальтеннің, шайыр мен майдың пайыздық үлесі

### Қорытынды

Бұл жұмыста зерттеу нәтижелері көрсеткендегі мұнаймен ластанған топырақ төгілген мұнайдан толығымен залалсыздандырылды. Тазартуға кеткен уақыт орта есеппен 50 минутты құрады. Тәжірибеде қарастырылған әр түрлі мөлшердегі Қаражанбас кенорынан алынған мұнаймен ластанған топырактың неғұрлым топыраққа төгілген мұнайы көп болса, соғұрлым көп мөлшерде сұйық өнім алуға болатындығы анықталды. Мұнай төгілген топыракты термиялық жолмен өңдеуден кейінгі алынған сұйық өнімді 180 градуска дейін айдал біріншілік фракция алып, оның құрамындағы асфальтен, шайыр және май анықталды.

### ӘДЕБИЕТ

[1] Ақтанов Н., Тілеуберді Е., Қанжарқан Е. Мнай төгілген топырақты залалсыздандырып, одан мұнай өнімдерін алу // «Тау-кен metallurgiya кешендерінің инновациялық дамуы» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектері – Алматы: Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, 2017 –130 б.

[2] Кадеева М.Н. Мұнаймен ластанған топырақты микроагзалар көмегімен тазарту. [www.repository.enu.kz](http://www.repository.enu.kz). 29.04.2017.

[3] Орлов Д. С., Амосова Я. М. Методы оценки нефтезагрязненных почв // Биотехнологические методы охраны окружающей среды. Тезисы докладов. – Самарканд, 1988 ж. 57 б.

[4] Халимов Э. М., Левин С. В., Гузев В.С.// Экологические и микробиологические аспекты повреждающего действия нефти на свойства почвы//Вестник Московского ун-та, серия: Почвоведение, 1996.-№2.-59 б.

[5] Серіков Т.П., Ахметов С.А. Мұнай мен газды терең өңдеу технологиясы 1-3 томдары;

[6] Нұрпейісова М.Б., Алматова Б.Г. Мұнай-газ игерудің экологиялық мәселелері.

- [7] Нұрсұлтанов Ф.М., Абайұлданов Қ.Н. Мұнай мен газды өндіріп, өңдеу. Алматы.: Өлкे, 2000 – 512 б.
- [8] Надиров Н.К. Нефть и газ Казахстана. В 2-х частях. Ч-1.-Алматы: Гылым, 1995.-320 б
- [9] Ақбасова А. Ж., Сайнова Г.Ә., Экология. Жогары оку орындарына арналған оқу құралы. Алматы, 2003
- [10] Амангзиева Г.Д., Экономика нефтяной и газовой промышленности. Учебное пособие.Алматы "Экономика", 2004ж.
- [11] Лұқпанов Ж., Нұсиров Н. Химиялық үлы препараттардың анықтамалығы. "Қайнар баспасы" Алматы 1999ж
- [12] Диаров М.Д., Гилажов Е.Г., Димеева Л.А. и др. Экология и нефтегазовый комплекс. - Алматы: Галым, 2003. – Т. 2. – 340 б.
- [13] Фаизов К.Ш., Асанбаев И.К., Абдураймова А.М. Современные проблемы загрязнения почв нефтепромыслов Прикаспия //Нефть и газ. – 2005. - № 1. –64-68 б.
- [14] Абдуқадырова Қ.А. (2013) *Мұнай және газ химиясы*. - Алматы, 6/17-18.
- [15] Құлжанов К.С., Алмабеков О.А., Нұралы Ә.М. (2011), *Мұнай өңдеу процестерін жетілдіру*. - Алматы, 20.
- [16] Справочник месторождения нефти и газа Казахстана. – А. 2005ж – 55 б.
- [17] Досманбетов Б., Маханов Т., Төлеутаев Қ. Арад аймагы: медициналық, алеуметтік-демографиялық сипаттама. - Қызылорда: Нұр-Саулет, 1998. - 220 б.
- [18] Ибадуллаева С.Ж., Жандилятова Р.Б., Кольбай И.С. Сравнительный анализ изменения показателей кардио-респираторной системы и уровня протеолитической активности эритроцитов у женщин в Приаралье //Известия МОН РК, НАН РК. Сер.биол. и мед. – 2002. - № 4. - 24-30 б.
- [19] Баевский Р.М. Методико-экологический мониторинг здоровья населения //Медико-экологические проблемы Приаралья и здоровья населения: Сб.науч.тр. - Нукус, 1991. - 65-68 б.
- [20] Тишкина Е.И., Киреева Н.А. Изменение биохимических и микробиологических параметров нефтезагрязненных почв: Тезисы докладов 7 делегатского ВО поноведов. Ташкент, 1985. 69 б.
- [21] Калачников И.Г. Влияние нефтяного загрязнения на экологию почв почвенных микроорганизмов // Экология и популяционная генетика микроорганизмов // Свердловск, 1987 ж, 88-95 б.

#### REFERENCES

- [1] Aktanov N., Tileuberdi E., Kanzharkan E. Munaiy togilgen topyrakty zalalsyzdandyryp, odan munaiy onimderin alu// “Tau-ken metalluriya keshenderinin innovacialykl damuy” Halykaralyk gylymi-tazhiribelik konferentsiyasynyn enbekteri – Almaty: Kazak ulityk tehnikalik zertteu universiteti, 2017 – 130 b.
- [2] Kadaeeva M.N. Munaiymen lastangan topyrakty mikroagzalar komegimen tazartu. [www.repository.enu.kz](http://www.repository.enu.kz), 29.04.2017.
- [3] Orlov D. S., Amosova Ya. M. Metody otsenki nestezagryaznennyh pochv // Biotechnologicheskie metody ohrany okruzhaiushei sredy. Tezisy dokladov. – Samarkand, 1988 zh. 57 b.
- [4] Halimov E. M., Levin S. B., Guzev B.C.// Ekologicheskie i mikrobiolcheskie aspekty povrezhdaiushego deistviya nefti na svoiystva pochvy//Vestnik Moskovskogo un-t, seriya: Pochvovedenie, 1996.-№2.-59 b.
- [5] Serikov T.P., Ahmetov S.A., Munaiy men gazdy teren ondeu tehnologiyasy 1-3 tomdary;
- [6] Nurpeiyisova M.B., Almatova B.G. Munaiy-gas igerudin ekoliqiyalyk maseleleri.
- [7] Nursultanov G.M. Abaiyldanov K.N. Munai men gasdy ondirip, ondeu. Almaty.: Olke, 2000- 512 b.
- [8] Nadirov N.K. Neft' i gas Kazahstana. V 2-h chastyah. CH-1.-Almaty: Gylym, 1995.-320 b.
- [9] Akbasova A. Zh., Sainova G.A., Ekologiya. Zhogary oku oryndaryna arnalgan oku kuraly. Almaty, 2003.
- [10] Amangazieva G. D., Ekonomika neftyanoiy i gazovoiy promyshlennosti. Uchebnoe posobie. Almaty “ Ekonomika”, 2004 zh.
- [11] Lukpanov Zh., Nusirov N. Himiaylyk uly preparattardyn anyktamalygy. “Kainar baspasy” Almaty 1999 zh.
- [12] Diarov M.D., Gilazhov E.G., Dimeeva L.A. i dr. Ekologiya i neftegazovyiy kompleks. – Almaty: Gylym, 2003. – Т. 2. – 340 b.
- [13] Faizov K.Sh., Asanbaev I.K., Abdulkaiymova A.M. Sovremennye problemy zagryazneniya pochv neftepomyslov Prikaspiya//Neft' i gas. – 2005. - №1. – 64-68 b.
- [14] Abdukadirova K.A. (2013) Munaiy zhane gas himiaysy. – Almaty, 6/17-18.
- [15] Kulzhanov K.S., Almabekov O.A., Nuraly A.M. (2011), Munaiy ondeu protsesterin zhetildiru. – Almaty,20.
- [16] Spravochnik mestorozhdeniya nefti i gaza Kazahstan. – А. 2005zh – 55 b.
- [17] Dosmanbetov B., Mahanov T., Toleutaev K. Aral aiymagy: meditsinalyk, aleumettik-demografiyalik sipattama. – Kyzykorda: Nur-Saulet, 1998. – 220 b.
- [18] Ibadullaeva S.Zh., Zhandauletova R.B., Kolbai I.S. Sravnitel'nyiy analiz izmeneniya pokazatelei kardio-respiratornoiy sistemy I urovnya proteoliticheskoi aktivnosti eritrotsitov u zhenshin v Priaral'e// Izvestiya MON RK, NAN RK. Ser.biol. I med. – 2002. - №4. – 24-30 b.
- [19] Baevskiy R.M. Metodiko-ekologisheskiy monitoring zdorov'ya naseleniya//Mediko-ekologicheskie problem Priaral'ya I zdrorov'ya naseleniya: Sb.nauch.tr. – Nukus, 1991. – 65-68 b.
- [20] Tishkina E.I., Kireeva N.A. Izmenenie biohimicheskikh I mikrobiologicheskikh parametrov nestezagryaznennih pochv: Tezisy dokladov 7 delegatskogo VO ponovedov. Tashkent, 1985, 69 б.
- [21] Kalachnikov I.G. Vliyanie neftyanogo zagryazneniya na ekologiiu pochv pochvennyh mikroorganizmov // Ekologiya I populyatsionnaya genetika mikroorganizmov// Sverdlovsk, 1987 zh, 88-95 b.

**Н.А. Актанов<sup>1</sup>, Е. Тилеуберди<sup>1,2</sup>, Е. Канжаркан<sup>2</sup>, Е.К. Онгарбаев<sup>1,2</sup>**

<sup>1</sup>Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Институт Проблем Горения, Алматы, Казахстан

## **ВЫДЕЛЕНИЕ НЕФТИ ИЗ НЕФТЕЗАГРЯЗНЕННЫХ ПОЧВ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ТЕРМИЧЕСКОГО МЕТОДА**

**Аннотация.** В этой научной статье показано получение нефти из нефтезагрязненных почв при термической обработке, а также приведены исследовательские работы по физико-химическим свойствам полученных жидкых продуктов. Для того, чтобы выполнить поставленную задачу, в этой работе в качестве объекта исследования были рассмотрены загрязненные почвы 5 различных видов нефтяного месторождения Каражанбас в Мангистауской области. Доля нефти загрязняющих образцов почвы, используемых в 10%, 15%, 20%, 25% и 30% доли в размере были предварительно подготовлены. Для того, чтобы очистить загрязненную почву от нефти температура при термической обработке менялась равномерно от комнатной температуры до 400 °C. Скорость нагревания нефтезагрязненный почв составляет в минуту от 6 до 16,7 °C. Средняя длительность процесса термической обработки исследуемого предмета 50 минут. Чем увеличивалась процентная доля нефти в загрязненной почве, полученная при обеззараживание образцов в разлитой нефти, тем наблюдалась увеличение процентного количества жидкого продукта. Если в пробе № 1 жидкий продукт составляет 9,02 %, то в пробе № 2 она достигла 13,21%. В пробе № 3 показывает 15,76 %, а в № 4 увеличилась на 18,44 %. А процентная доля полученного продукта в последнем пробе № 5 увеличились на 25,25 %. А также были изучены фракционные составы и структуры групп жидких продуктов полученные в этой работе, учитывая итоги.

**Ключевые слова:** Нефть, загрязненная почва, очищение, фракция, загрязнительная нефть.

### **Сведения об авторах:**

Актанов Назарбек Актаңұлы - магистрант II-го курса обучения КазНУ им. аль-Фараби, специальность «Нефтегазовое дело» - 6М070800, пр. аль-Фараби, 71, Алматы, Казахстан;

Тилеуберди Ербол - PhD. и.о. доцент КазНУ им. аль-Фараби, 050040, пр. аль-Фараби, 71, Алматы, Казахстан;

Онгарбаев Ердос Калимуллаулы - д.х.н., проф., декан факультета химии и химической технологии КазНУ им. аль-Фараби, 050040, пр. аль-Фараби, 71, Алматы, Казахстан, тел.: (727) 377-36-10;

Канжаркан Ернар, научный сотрудник, РГП «институт проблем горения» ул. Богенбай батыра, 172, Алматы, Казахстан.